

«АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

Ұлттық білім беру деректер қорын толтыру туралы
№6 (1) нұсқаулық

Төлқұжат

**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған
балаларға арналған білім беру ұйымдары
Түрі - балалар үйі, отбасы үлгісіндегі балалар үйі,
отбасы үлгісіндегі балалар ауылы,
пана үйі, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы,
жасөспірімдер үйі (әлеуметтік бейімдеу орталығы),
қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы**

Астана-2018



Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрлігі
«Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ

Ұлттық білім беру деректер қорын толтыру туралы нұсқаулық

Төлқұжат

**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған
балаларға арналған білім беру ұйымдары**

**Түрі - балалар үйі, отбасы үлгісіндегі балалар үйі, отбасы
үлгісіндегі балалар ауылы, пана үйі, кәмелетке
толмағандарды бейімдеу орталығы, жасөспірімдер үйі
(әлеуметтік бейімдеу орталығы), қиын өмір жағдайындағы
балаларды қолдау орталығы**

Астана, 2018

Мазмұны

1. Білім беру ұйымдарының типін анықтау	4
2. Білім беру ұйымдарының атауын жазу	4
3. Бөлім «Тіркеу мәліметтері».....	5
4. Бөлім «Материалдық-техникалық қор»	8
4.1 Бөлімше «Ғимарат туралы мәлімет»	8
4.2 Бөлімше «Кітапхана/Оқулықтар»	11
4.3 Бөлімше «Кабинеттер/Сыныптар/Дәрісханалар».....	13
4.4 Бөлімше «Компьютерлеу»	14
4.5 Бөлімше «Асхана»	16
4.6 Бөлімше «МТҚ туралы қосымша мәліметтер»	17
5. Бөлім «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер»	18
5.1 Қосалқы бөлімше «Жарыстар, байқаулар және олимпиадалар»	18
6. Бөлім «Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер»	19
7. Бөлім «Жатақхана/Интернат»	19
8. Бөлім «Қосымша мәліметтер»	19
8.1 Бөлімше «Кадрлар туралы қосымша мәліметтер»	19
8.2 Бөлімше «Контингент туралы қосымша мәліметтер»	20
8.3 Қосалқы бөлімше «Түлектер»	21
8.4 Бөлім «Қаржыландыру»	21
8.5 Бөлімше «Қамқоршылық кеңестер»	21
8.6 Бөлімше ««Әлеуметтік серіктестік»	22
9 Бөлім «Төлқұжатты толтыратын жауапты адам»	22
10 Бөлім «Қызметкерлер».....	23
11 Бөлім «Контингент»	30
12 Формат-логикалық бақылау (ФЛБ).....	34
13 Электронды цифрлық қол қою (ЭЦҚ)	34
14 Нормативті құжаттар	34

1. Білім беру ұйымдарының типін анықтау

ҚР БҒМ Бұйрығымен бекітілген, білім беру ұйымының Типтік ережелеріне сәйкес толтыру қажет

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары типін таңдау қажет

ПАСПОРТ » РЕГИСТРАЦИОННЫЕ СВЕДЕНИЯ		ОТЧЕТЫ ИСТОРИЯ
Название организации образования	ГУ «Детский дом № 4 для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, город Степногорск	
Полное наименование на русском	Коммунальное государственное учреждение «Детский дом № 4 для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, город Степногорск»	
Полное наименование на казахском	Ақмола облысы білім басқармасының «Степногорск қаласы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған №4 балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	
Краткое наименование на русском	Детский дом №4 г. Степногорск	
Краткое наименование на казахском	Степногорск қаласы №4 балалар үйі	
Тип организации образования (обязательное) Организации образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей (законных представителей)		
<input type="button" value="Сохранить"/>		

2. Білім беру ұйымдарының атауын жазу

Заңды тіркеуден өткен білім беру ұйымының куәлігі (жарғысы) бойынша орыс және қазақ тілдерінде толық атауын толтыру қажет.

Білім беру ұйымының атауын өзгерткен / қайта құру/ жабу жағдайында ҰББДҚ өзгерістер енгізіп, бұйрық көшірмесін және қаулыны ББ, ҚББ, АББ/«АТО» АҚ электронды түрде беру қажет.

Мысалдар	
Білім беру ұйымының атауы	КГУ «Детский дом № 4 для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей»
Орыс тіліндегі толық атауы	Коммунальное государственное учреждение «Детский дом № 4 для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, город Степногорск»
Қазақ тіліндегі толық атауы	«Степногорск қаласы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған №4 балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Орыс тіліндегі қысқа атауы	КГУ «Детский дом №4 г. Степногорск»
Қазақ тіліндегі қысқа атауы	КМК «Степногорск қаласы №4 балалар үйі»

3. Бөлім «Тіркеу мәліметтері»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
1.	Білім беру ұйымдарының түрлері	Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес түрін таңдау (балалар үйі, отбасы үлгісіндегі балалар үйі, отбасы үлгісіндегі балалар ауылы, пана үйі, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы, жасөспірімдер үйі (әлеуметтік бейімдеу орталығы), қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы)
2.	Мектептің бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
3.	Жасөспірімдер үйінің бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
4.	Отбасы үлгісіндегі балалар үйінің құрылуы	Тиісті көрсеткішті таңдау (мемлекетпен немесе отбасы базасында). Отбасы үлгісіндегі балалар үйі ғана толтырады
5.	Білім беру ұйымының БСН	Бизнес-сәйкестендіру нөмірін (заңды тұлға (филиал және өкілдік) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметті іске асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір) салық төлеушінің куәлігі бойынша толтыру қажет (12 сан)
6.	Меншік түрі	Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес таңдау (ЖАО ведомствосындағы мемлекеттік ұйымдар – коммуналды, республикалық ұйымдар – республикалық, жеке меншік ұйымдар – азаматтардың меншігі)
7.	Ведомстволық тиістілік	Сәйкес ведомствоны таңдау: - Жергілікті атқарушы органдар (ББ, АББ, ҚББ қарасты ұйымдарына) - ҚР БҒМ (ҚР БҒМ республикалық ұйымдарына) - ҚР Денсаулық Министрлігі (ҚР ДМ) - «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ - ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті - ҚР ІІМ - ҚР Қорғаныс Министрлігі - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі (ҚР ЕХӘҚМ) - Әділет Министрлігі

		- басқалар
8.	Министрліктерге қарасты	Сәйкес ведомствоны таңдау: - ҚР білім және ғылым министрлігі (ҚР БҒМ) - ҚР Денсаулық Министрлігі (ҚР ДМ) - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі (ҚР ЕХӘҚМ)
9.	Ұйымның территориялық тиістілігі	Қалалық жер немесе ауылдық жер деп таңдау Егер білім беру мекемесі ауылдық жерде орналасса, бірақ қалалық территориялық округке тиесілі болса Тіркеу мәліметтерінде қалалық мекенді таңдау қажет.
10.	Ұйымдастыру-құқықтық түрі	Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес таңдау
11.	Пошта индексі	Пошта индексін толтыру (6 сан)
12.	Елді мекеннің құрамдас бөлігінің түрі	Лайық елді мекеннің құрамдас бөлігін таңдау (көше, шағын аудан және т.б.)
13.	Елді мекеннің құрамдас бөлігінің атауы	Көшенің/шағын ауданның толық атауын толтыру. Елді мекеннің құрамдас бөлігінің атауы жоқ болған жағдайда елді мекеннің атауы ТОЛТЫРЫЛМАЙДЫ , тек (-) символын көрсету қажет
14.	Үй №	Ғимарат нөмірін көрсету. Егер ғимараттың нөмері болмаса, (-) символын қою қажет
15.	Картадағы координат (енділік, ұзындық)	Төлқұжатты ашқан кезде e.edu.kz ресурсы сіздің орналасқан жеріңізді анықтау үшін деректерді сұрайды. Келісе отырып, автоматты түрде координаттарыңызды анықтауға рұқсат бересіз, осылайша координаттар анықталғаннан кейін карта орналасқан жеріңізге сәйкес ашылады. Сіздің орналасқан жеріңізді анықтау үшін әртүрлі шолғыштардағы кіру туралы хабарламалар: Mozilla Firefox: «Сіз осы сайтқа өзіңіздің орналасқан жеріңізді хабарлағыңыз келе ме?» деп қалқыма хабарламада шығады. «Орналасқан жерді хабарлау» ашылған тізбеден

		<p>«Орналасқан жерді үнемі хабарлау» тармағын тандай отырып, сіз орналасқан жеріңізді автоматты түрде анықтауға рұқсат бересіз.</p> <p>Google Chrome: "https://e.edu.kz сіздің орналасқан жеріңіз туралы деректерге кіруге рұқсат сұрайды" қалқыма хабарлама шығады. «Рұқсат беру» батырмасын баса отырып, сіз орналасқан жеріңізді автоматты түрде анықтауға рұқсат бересіз.</p> <p>Білім беру ұйымының координаттарын анықтау үшін енгізу өрісінде тышқанның сол жақ пернесін басу керек, карта ашылады. Картадан тышқанды қозғалта отырып, білім беру ұйымыңыздың орналасқан жерін табыңыз. Білім беру ұйымыңыз картадан шыққаннан кейін тышқанның сол жақ пернесін баса отырып жалаушаны қойыңыз. Білім беру ұйымыңыздың орналасқан жерін анықтағаннан кейін «Дайын» батырмасын басыңыз – координаттар көрсеткішті енгізу өрісінде автоматты түрде жазылады.</p> <p>Егер қор білім беру ұйымы орналаспаған елді мекенде толтырылса, онда сәйкесінше автоматты мекен-жай бұрыс шығады және координаттарды картадан қолмен табу керек болады.</p>
16.	Басшының аты-жөні	Толық толтыру қажет (<i>Беріков Берік Берікұлы</i>)
17.	Факс (коды+нөмірі)	Білім беру ұйымының телефон факс нөмірін толтыру. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
18.	Жұмыс телефоны (коды+нөмірі)	Білім беру ұйымының басшысының телефон нөмірін толтыру. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
19.	Ұялы телефон (нөмірі)	Білім беру ұйымының

		басшысының ұялы телефон нөмірін толтыру. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
20.	Білім беру ұйымының E-mail	Ұйымның электронды мекен-жайын толтыру. Болмаған жағдайда «жоқ» толтыру
21.	Білім беру ұйымының сайты	Сайттың толық мекен-жайын толтыру (бар болған жағдайда). Болмаған жағдайда «жоқ» толтыру
22.	Негізгі құрылтайшылар	Білім беру ұйымының Жарғысы, лицензиясына қарап толтыру. Мысалы: Астана қ. Әкімдігі
23.	Білім беру қызметін көрсету құқығына лицензия кіммен берілді	Лицензия бойынша толтыру. Болмаған жағдайда «жоқ» толтыру
24.	Лицензия №	
25.	Лицензия берілген күні	
26.	Білім беру ұйымының ашылу күні	
27.	Білім беру ұйымының жабылу күні	Жергілікті атқарушы органдардың шешіміне сәйкес толтыру (қаулы, бұйрық). Егер білім беру ұйымы жабылмаса, онда ТОЛТЫРЫЛМАЙДЫ!

4. Бөлім «Материалдық-техникалық қор»

4.1 Бөлімше «Ғимарат туралы мәлімет»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
28.	Ғимараттар саны, бірлік	Білім беру ұйымына тиесілі барлық ғимараттар санын көрсету. Негізгі және өзге ғимараттардың жалпы санын көрсету қажет
29.	Ғимараттар туралы мәліметтер	Техникалық паспортқа сәйкес таңдау және көрсету: -Ғимарат (негізгі, басқа – қосымша ғимарат бар болған жағдайда таңдау), -Оқу мақсаттарында қолданылады (егер ғимаратта топтар, оқу

бөлмелері, спортзалдар, бассейндер, залдар және т.б. орналасқан болса – «иә» деп көрсету; егер ғимарат оқу мақсатында қолданылмаса (қазандық, қойма, мұрағат және т.б.) - «жоқ» деп көрсету)

-Ғимараттың салынған жылы,

-Ғимаратты пайдалануға берілген жылы,

-Ғимараттың типі (типтік немесе бейімделген),

-Жылыту түрі

Бір түрін таңдау қажет:

Жылыту жүйесі орталық немесе жеке (автономды) жылыту:

- қатты отында

- сұйық отында

- газ отынында

- электр қазан

-басқа

-Ғимараттың техникалық жағдайы: (жөндеу қажет емес, ағымдағы жөндеу өткізілді, ағымдағы жөндеуді талап етеді, апаттық – ғимараттың апатты жағдайда екендегі туралы мемлекеттік комиссияның шығарылған шешімі болған жағдайда белгіленеді, күрделі жөндеуді талап етеді, күрделі жөндеу өткізілді, күрделі жөндеуде),

-Құрылыстың түрі - (саманнан, блоктан, ағаштан, кірпіш, каркас, монолит, басқа),

-Қабаттар саны

-Жобалық қуаты, орын

-Ыстық судың бар болуы –

(болған жағдайда - «иә», болмаған жағдайда - «жоқ»),

-Тасылатын су (болған жағдайда - «иә», болмаған жағдайда - «жоқ»),

-Ауыз судың бар болуы

(сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша белгіленген талаптарға сәйкес ауыз су, оның ішінде ыдыстарға (графиндерге, шәйнектерге,

		<p><i>кішкентай бөшкелерге және басқалары) құйылған, шөлмектердегі ауыз су, қайнаған су, стационарлық су бұрқақтары)</i></p> <p>-Ғимараттың жалпы алаңы, ш.м.</p> <p>-Ғимараттың жұмыс алаңы, ш.м.,</p> <p>-Үй-жайды қолдану (<i>өз меншігіндегі, жалданбалы, өз меншігіндегі және жалданбалы</i>)</p> <p>-Бейнебақылаудың бар болуы (<i>ішкі, сыртқы, ішкі және сыртқы, болмаған жағдайда (...) қою қажет</i>)</p> <p>-Абаттандыру (нормалау құжаттарына сәйкес сумен қамтамасыз етілуі, су тарту, жылумен қамтамасыз ету, жарықтандыру, ауаны желдеткіш және кондиционирлеу) <i>Абаттандырудың тиісті түрін таңдау: - көріктендірудің барлық түрлерінің бар болуы, - жарым-жартылай көріктендірілді - көріктендірілмеген</i></p> <p>Мысал 1: егер ғимаратта жарық, су, канализация немесе септик, жылыту (орталықтандырылған немесе автономды), ауаны желдеткіш және кондиционирлеу (асханадағы сорғы жүйесі мен желдетуге арналған ашылатын терезелер) болса көріктендірудің барлық түрлерінің барын таңдау керек.</p> <p>Мысал 2: егер ғимаратта жарық, су, жылыту (орталықтандырылған немесе автономды), желдетуге арналған ашылатын терезелер болса жарым-жартылай көріктендірілді көрсеткішін таңдау керек.</p> <p>-Дәретханалардың бар болуы (<i>тек қана жылы дәретханалардың, тек қана қора-қопсы дәретханалардың, жылы және қора-қопсы дәретханалардың</i>)</p>
30.	Топтық бөлмелерінің ауданы, ш.м.	Білім беру ұйымының техникалық паспортына сәйкес көрсету. «Топтық бөлмелердің ауданы,

		ш.м.» көрсеткіші «Ғимараттың жалпы алаңы, ш.м.» көрсеткішінен аспауы қажет
31.	Изолятордағы орындардың саны, бірлік (болған жағдайда)	Орындардың саны, бар болған жағдайда көрсету
32.	Турникеттің болуы (өткізу рұқсатнамасы)	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда- «жоқ» таңдау (<i>турникет –ғимаратқа кірер алдында орнатылатын құрылғы</i>)
33.	Сабақ өткізуге арналған бөлмелердің ауданы, ш.м	Білім беру ұйымының техникалық паспортына сәйкес (бар болған жағдайда) көрсету (сандық формат)
34.	Музыкалық сабақтарға арналған зал, оның болған жағдайда	Бар болған жағдайда таңдау: (<i>қосарлы, қосарлы емес</i>)
35.	Жатын бөлмелердің бар болуы	Бар болған жағдайда таңдау: (<i>қосарлы, қосарлы емес</i>)
36.	Спортзалдың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
37.	Бассейннің бар болуы (жабық)	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
38.	Шалпылдатқыштың бар болуы (ашық)	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
39.	Ойын алаңдарының бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
40.	Жатын бөлмелердің ауданы, ш.м	Техникалық паспортына сәйкес жатын бөлмелердің ауданын толтыру
41.	Моншаның бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
42.	Лагерьдің бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
43.	Автокөлік құралдарының (шаруашылық қажеттіліктерге арналған) бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау

4.2 Бөлімше «Кітапхана/Оқулықтар»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
44.	Кітапхана, бірлік	Кітапханалар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

45.	Кітапхана ауданы, ш.м.	Білім беру ұйымының техникалық паспортына сәйкес кітапхана ауданын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
46.	Оқу залдарының саны, бірлік	Оқу залдарының санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
47.	Оқу залдарында отыратын орындар саны	Оқу залдарындағы отыратын орындар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
48.	Келіп кетушілер саны, адам	Есепті жылдағы келіп кетушілер санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
49.	Кітап беру саны, бірлік	Есепті жылдағы кітап беру санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
50.	Кітаптар саны, дана	Кітаптардың барлық санын көрсету, оның ішінде оқулықтар, көркем әдебиеттер, брошюралар және журналдар. Жеке оның ішінде оқулықтар және кітаптар (<i>көркем әдебиеттер, брошюралар және журналдар</i>). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
51.	Электрондық оқулықтардың саны, дана	Электрондық оқулықтардың санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
52.	Қазақ тіліндегі кітаптар саны, дана	Қазақ тіліндегі кітаптар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

«Кітапхана/Оқулықтар» бөлімшесіндегі мәліметтерге кітапханашы немесе ұйымның әдіскері жауапты

4.3 Бөлімше «Кабинеттер/Сыныптар/Дәрісханалар»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
53.	5-6-жастағы балаларға арналған ойын бөлмесі, бірлік	Бар болған жағдайда, 5-6-жастағы балаларға арналған ойын бөлмесінің санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
54.	Біреудің есебінен сатып алынған лингофонды - мультимедиялық кабинеттердің саны, бірлік	Көрсетілген жылдарда біреудің есебінен сатып алынған лингофонды-мультимедиялық кабинеттердің санын көрсету (республикалық бюджет, жергілікті бюджет, заңды тұлғалардың ерікті жарналары, жеке тұлғалардың ерікті жарналары, басқалар). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
55.	Лингофонды-мультимедиялық кабинеттер құны, мың теңге	Лингофонды-мультимедиялық кабинеттердің жылдар және қаржыландыру түрі бойынша мың теңгеде құнын көрсету (республикалық бюджет, жергілікті бюджет, заңды тұлғалардың ерікті жарналары, жеке тұлғалардың ерікті жарналары, басқалар). Лингофонды-мультимедиялық кабинеттердің саны мен құны көрсетілген жылдардармен қаржыландыру түрлерімен сәйкес болу керек. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
56.	Кабинеттердің бар болуы	Бар болған кабинеттерді белгілеу (психологтың кабинеті, стоматологиялық кабинет, медициналық кабинет (пункт), полиция учаскелік инспекторы, сурдологтың кабинеті, офтальмологтың кабинеті, психиатрдың кабинеті, педагог-психологтың кабинеті, диагностика кабинеті, жүйке ауруы дәрігерінің кабинеті, емдеу-дене шынықтыру кабинеті, логопедтің кабинеті). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

57.	Оқу шеберханаларының бар болуы	<p>Оқу шеберханаларының түрін және ондағы орындар санын көрсету (<i>металды өңдеуден, ағашты өңдеуден, еңбектің қызмет көрсететін түрлерден, оқу-өндірістік, авто іс кабинеті, ауыл шаруашылықты, механикаландыру кабинеті, басқалар</i>)</p> <p>Оқу шеберханалары болмаған жағдайда бұл көрсеткіш белгіленбейді.</p> <p>Болмаған жағдайда «жоқ» белгілеу</p>
58.	Қосымша даму үшін арналған кабинеттердің бар болуы	<p>Кабинеттерді белгілеу (<i>емдік дене шынықтыру кабинеті, сурет студиясы, фотостудия, акт залы, сенсорлы бөлме, отбасын қолдау қызметі, би залы, әдістемелік кабинет</i>).</p> <p>Болмаған жағдайда «жоқ» белгілеу</p>

4.4 Бөлімше «Компьютерлеу»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
59.	Компьютерлердің бар болуы	Мектепте компьютерлер болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
60.	Компьютерлердің саны	<p>Компьютерлердің санын көрсету:</p> <p>-Барлығы - білім беру ұйымындағы барлық компьютерлер</p> <p>-оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар барлық компьютерлер</p> <p>-Оқу/тәрбиелік үдерісінде қолданады – мұғалімдер мен оқушылардың оқу үдерісінде қолданатын компьютерлердің санын көрсету</p> <p>-оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар мұғалімдер мен оқушылардың оқу үдерісінде қолданатын компьютерлердің санын көрсету</p> <p>-Оқытушыларға / мұғалімдерге /</p>

		<i>тәрбиешілерге арналған – тек қана оқытушылар / мұғалімдер / тәрбиешілер қолданатын компьютерлердің санын көрсету</i> -оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар тек қана оқытушылар / мұғалімдер / тәрбиешілер қолданатын компьютерлердің санын көрсету
61.	Соңғы 5 жылда сатып алынған компьютерлер саны, бірлік	Жылдар бөлінісінде сатып алынған компьютерлердің санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
62.	Есепті жылда түсу көздері бойынша компьютерлердің саны, бірлік	Есепті жылда қаржыландыру түрі бойынша сатып алынған компьютерлер санын көрсету (республикалық бюджет, жергілікті бюджет, заңды тұлғалардың ерікті жарналары, жеке тұлғалардың ерікті жарналары, басқалар). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
63.	Ауыстыруды қажет ететін компьютерлердің саны, бірлік	Ауыстыруды қажет ететін компьютерлердің санын көрсету (бұзылған, пайдалану мерзімі өтіп кеткен). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
64.	1 компьютерге келетін оқушылардың саны, адам	Көрсеткішті формула арқылы шығару Формула: Оқушылардың саны (1 – 12 сынып) Мектепте оқу үрдісінде қолданылатын компьютерлік техниканың саны Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
65.	Ғаламтордың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
66.	Келісім шарт бойынша интернеттің жылдамдығы	Қызметті ұсынушымен жасасқан келісімшартқа сәйкес <512 кбит/с ден >10 Мбит/с дейін жылдамдықты таңдау

67.	Факт бойынша интернеттің жылдамдығы	<512 кбит/с ден >10 Мбит/с дейін тиесілі жылдамдықты таңдау
68.	Интернет (нүкте) желісіне рұқсаттың болуы, бірлік	Интернет желісіне қосылған нүкте санын көрсету (1 модем = 1 қолжетімділік нүктесі). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
69.	Планшеттердің саны	Білім беру ұйымының теңгеріміндегі барлық планшеттердің санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
70.	Интерактивтік жабдықтың бар болуы (тақталар, проекторлар, панельдер)	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау <i>Интерактивтік құралдар (интерактивті тақталар, проекторлар, панельдер) - инновациялық құрал, жазу, ақпараттарды талдауға мүмкіндік береді)</i>
71.	Интерактивтік тақталардың саны, бірлік	Интерактивтік тақталардың санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

4.5 Бөлімше «Асхана»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
72.	Асхананың бар болуы	Асхана болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
73.	Асханада отыратын орындар саны, бірлік	Асханада болған жағдайда отыратын орындар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
74.	Асханаларды жабдықтаудың қажеттілігі, жиһаз, бірлік	Асханаға (буфет) жетпейтін жабдықтар мен жиһаздардың санын көрсету (<i>тоңазытқыштар, электр плита, көкөніс кескіш, картоп тазалағыш, ет тартқыш, пісіру шкафы, электр қазан, электр таба, үстелдер, орындықтар, нан кескіш, ыдыс-аяқ жуатын машина</i>)
75.	Буфеттің бар болуы	Буфет болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау

76.	Буфетте отыратын орындар саны, бірлік	Буфетте отыратын орындар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
77.	Ас әзірлейтін бөліктің бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
78.	Көкөніс сақтау қоймасы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
79.	Қосалқы шаруашылық	Болған жағдайда «иә» (мысалы, жылыжай, бақша), болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
80.	Жабдықтардың, жиһаздың саны, бірлік	Жабдықтардың, жиһаздың санын көрсету (<i>тоңазытқыштар, электр плита, көкөніс кескіш, картоп тазалағыш, ет тартқыш, пісіру шкафы, электр қазан, электр таба, үстелдер, орындықтар, нан кескіш, ыдыс-аяқ жуатын машина</i>). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
81.	Ыдыспен қамтамасыз етілу, %	Есептік мәнін көрсету: Формула: $\frac{\text{Ыдыс – аяқ жиынтығының саны}}{\text{Отыратын орындар саны}} * 100\%$

4.6 Бөлімше «МТҚ туралы қосымша мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
82.	Спортзалдың бар болуы	Бар болған жағдайда белгілеу «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсеткішін таңдау
83.	Спорт залы орналасқан	Бар болған жағдайда спорт залының орналасуын көрсету (<i>типтік ғимаратта, лайықталған ғимаратта</i>)
84.	Спорт құрылымдарының бар болуы	Бар болған жағдайда белгілеу (<i>стандартты жабдықпен жабдықталған спорт залы, спорт алаңдары, бассейн, гимнастикалық қалашықтар, спорт секциялары</i>). Болмаған жағдайда «жоқ» көрсеткішін таңдау

5. Бөлім «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
85.	<i>Тәрбиеленушілердің саны (18 жасқа дейін), адам</i>	Балалар үйінің тәрбиеленушілері (18 жасқа дейін) туралы мәліметтерді көрсету. Есептік жылдағы жалпы тәрбиеленушілердің санын көрсету
86.	<i>Түрі бойынша үйірмелер және спорттық секциялардың саны</i>	Түрі бойынша үйірмелер және спорттық кешендер бар болған жағдайда көрсету.. Егер аталған үйірмелер мен секциялар мектепте бар болса және оларды осы көрсеткіште белгілесе, онда әр оқушыда Контингент бөліміндегі «Аталған білім беру ұйымындағы секциялар мен үйірмелерге қатысу» көрсеткішін белгілеу. Болмаған жағдайда «жоқ» көрсеткішін таңдау, соңғы ЕКІ элементінде 0 санын көрсету
87.	<i>Ансамбльдің бар болуы (оркестр, хор)</i>	Аталған білім беру ұйымында ансамбльдің (оркестрдің) болған жағдайда, динамикалық кестені толтыру қажет. Болмаған жағдайда «жоқ» көрсеткішін таңдау, соңғы ЕКІ элементінде 0 санын көрсету

5.1 Қосалқы бөлімше «Жарыстар, байқаулар және олимпиадалар»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
88.	Білім беру ұйымдарындағы оқушылардың жарыстар, сайыстар және олимпиадаларға қатысуы	Аталған көрсеткіш Контингент бөлімінен автоматты түрде саналады

6. Бөлім «Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
89.	Логопунктың бар болуы	Логопед және кабинет болған жағдайда «иә» таңдау. Егер мектепте Логопед бар болған жағдайда, бірақ оның кабинеті болмаса «жоқ» таңдау

7. Бөлім «Жатақхана/Интернат»

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары аталған бөлімді толтырмайды

8. Бөлім «Қосымша мәліметтер»

8.1 Бөлімше «Кадрлар туралы қосымша мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
90.	Директор орынбасарларының саны, адам	Директор орынбасарларының санын көрсету
91.	Директор орынбасарларының мөлшерлеме саны, бірлік	Директор орынбасарларының мөлшерлеме санын көрсету
92.	Педагогикалық мөлшерлеме саны (қосалқы жұмыскерлерсіз)	Білім беру ұйымының штаттық кестесінде бекітілген педагогикалық мөлшерлеменің жалпы санын көрсету
93.	Медициналық кадрлар (штат бойынша), адам	Штат бойынша медициналық кадрлар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
94.	Медициналық кадрлар саны (факт бойынша) адам	Факт бойынша медициналық кадрлар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
95.	Педагогикалық кадрлардың аттестациядан өту туралы мәліметтер	Есепті жылда педагогтардың аттестациядан өтуі туралы мәліметтерді таңдау және толтыру (оқу жылы, санат, мәртебе, оқушылар саны). Болмаған жағдайда «Оқу жылы», «Санат» және «Мәртебе» көрсеткіштерінде «жоқ» таңдау, соңғы элементінде 0 санын

		көрсету
96.	Педагогтарды қайта даярлау туралы мәліметтері	Бөлінген қаражат мөлшерлемесін (млн.тг) көрсете отырып, педагогтарды қайта даярлау туралы жоспарлы мәліметтерді толтыру. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
97.	Педагогикалық кадрлардың қажеттілігі (вакансия)	Ағымдағы оқу жылының басына лауазым бөлінісінде қажетті оқытушылардың санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

8.2 Бөлімше «Контингент туралы қосымша мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
98.	Тәрбиеленушілердің саны (18 жасқа дейін), адам	Аталған білім беру ұйымында есептік кезеңдегі 18 жасқа дейінгі тәрбиеленушілердің санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
99.	Тәрбиеленушілердің саны (18 жастан жоғары), адам	Аталған білім беру ұйымында есептік кезеңдегі 18 жастан жоғары тәрбиеленушілердің санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
100.	Категориялар бойынша тәрбиеленушілердің саны, адам	Категориялар бойынша тәрбиеленушілердің санын көрсету
101.	Денсаулық жайы бойынша (18 жасқа дейін), адам	Денсаулық жайы бойынша балалардың санын көрсету. Жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушілері кәмелетке толғандардың есебінсіз толдырылады. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
102.	Себебі бойынша ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны, адам	Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар санын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
103.	Көмек көрсетілді, адам	Заңгердің, әлеуметтік

		педагогтың және психологтың көрсетілген көмек сандарын көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
104.	Балалардың санаттары	Санат бойынша балалар санын көрсету (санат бойынша бөлініс) Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

8.3 Қосалқы бөлімше «Түлектер»

	Показатель	Пояснения
105.	Ата анасының қарауынсыз қалған жетім балаларға арналған оқу орындарындағы жұмысқа орналастырылған түлектер жайлы мәлімет, адам	Динамикалық кестені толтыру (түлектердің жұмысқа орналасуы, тәрбиеленушілердің саны, қорғаншылық және қамқоршылықтағы, патронаттық тәрбиедегілер, білім беру жүйесіндегі ұйымдарда). Болмаған жағдайда 0 санын толтыру

8.4 Бөлім «Қаржыландыру»

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары аталған бөлімді толтырмайды

8.5 Бөлімше «Қамқоршылық кеңестер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
106.	Қамқоршылық кеңестің болуы	Бар болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ»
107.	Қамқоршылық кеңестің құрылу күні	Қамқоршылық кеңестің құрылу күнін көрсету
108.	Заңды тұлға мәртебесінің болуы	Бар болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау. Егер аталмыш көрсеткіште «иә» таңдалса, «Заңды тұлғаны іркеу туралы мәлімет», «Заңды тұлғаны тіркеу күні», «Заңды тұлғаны тіркеу нөмірі», толтырылуы қажет
109.	Заңды тұлғаны тіркеу күні	Заңды тұлғаларды тіркеу туралы Куәлікке сәйкес толтыру

110.	Заңды тұлғаны тіркеу нөмірі	Заңды тұлғаларды тіркеу туралы Куәлікке сәйкес толтыру
111.	Қамқоршылық кеңестің банк шотының нөмірі	Қамқоршылық кеңестің банк шотын көшірмесінен толтыру
112.	Бюджеттен тыс келіп түскен қаражаттардың сомасы, теңге	Бюджеттен тыс келіп түскен қаражаттардың сомасын көрсету
113.	Қамқоршылық кеңесіндегі мүшелер саны, адам	Қамқоршылық кеңестің мүшелер санын көрсету
114.	Қамқоршылық кеңестің құрамы туралы мәліметтер	Динамикалық кесте мәліметтерін толтыру
115.	Қамқоршылық кеңес төрағасының аты-жөні	Қамқоршылық кеңес төрағасының мәліметтерін толтыру
116.	Қамқоршылық кеңес төрағасының байланыс телефоны	
117.	Өткізілген отырыстардың хаттамалары	Өткізілген іс-шаралардың хаттамасын тіркеу қажет (сканерленген нұсқасы)
118.	Өткізілген іс-шаралардың қорытындысы бойынша есеп	Өткізілген іс-шаралардың хаттамасын тіркеу қажет (сканерленген нұсқасы)

8.6 Бөлімше ««Әлеуметтік серіктестік»»

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары аталған бөлімді толтырмайды

9 Бөлім «Төлқұжатты толтыратын жауапты адам»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
119.	Тегі	Жеке куәлік бойынша толтыру
120.	Аты	
121.	Әкесінің аты	
122.	Лауазым	ҰББДҚ толтыратын жауапты

		тұлғаны – білім беру ұйымының ішкі бұйрығымен директор немесе оқу-ісі бойынша директордың орынбасары бекітіледі. Жауапты тұлға құзыретті мамандарды қадағалап, ҰББДҚ толтырады. Толық және уақытылы толтырылмаған мәліметтер үшін әкімшілік жауапкершілік мектеп директорына жүктеледі.
123.	Жұмыс телефоны (коды+нөмірі)	Жауапты тұлғаның телефон нөмірін толтыру
124.	Ұялы телефон (нөмірі)	Жауапты тұлғаның ұялы телефон нөмірін толтыру
125.	E-mail	Жауапты тұлғаның электронды мекен-жайын толтыру

10 Бөлім «Қызметкерлер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
126.	ЖСН бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
127.	ЖСН	Жеке куәлік бойынша жеке сәйкестендіру нөмірлерін толтыру (ҚР 2007 жылғы 12.01 № 223 Заңы «сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы»)
128.	Тегі	Жеке куәлік бойынша толтыру
129.	Аты	
130.	Әкесінің аты	
131.	Туған күні	Жеке куәлік бойынша толтыру
132.	Жынысы	Жеке куәлік бойынша таңдау
133.	Азаматтығы	Жеке куәлік бойынша анықтамадан елді таңдау
134.	Ұлты	Жеке куәлік бойынша таңдау
135.	Әскери шен	Лайықтыны мағынаны таңдау (офицер, прапорщик, сержант, қатардағы жауынгер, ҚК қызмет етпеген, әскери міндетсіз)
136.	Жұмысқа қабылдау күні	Еңбек келісім-шартына, бұйрыққа еңбек кітапшасындағы жазуына, сәйкес толтыру
137.	Жұмысқа қабылдау туралы	Бұйрық номерін көрсету

	бұйрық номері	
138.	Жұмысқа қабылданды	Еңбек келісім-шартына, бұйрыққа, еңбек кітапшасындағы жазуына сәйкес толтыру (педагогикалық ЖОО-нан, басқа ЖОО-нан, колледжден, басқа облыс ауданы, қаласы, Республиканың басқа облысы, басқа Республикадан, мұғалім жұмысына басқа педагогикалық емес мекемелер мен ұйымдардан ауысты, бұрынғы мұғалімдердің педагогикалық жұмысқа қайта келу, басқа білім беру ұйымынан)
139.	Еңбек шартының мерзімі	ҚР Еңбек кодексі, 30 б. бойынша белгілі/ белгісіз мерзімін таңдау
140.	Декреттік демалыста	«Иә» немесе «Жоқ» таңдау
141.	Лауазым	Лайықты негізгі лауазымды, мөлшерлемені таңдау. Мысалы: барлығы пән - мұғалімдері Лауазым – мұғалім/оқытушыны, мөлшерлемесі – 1 белгілейді
142.	Негізгі лауазымның жүктемесі	Негізгі лауазымның жүктемесі таңдау
143.	Қызметкер	Лайықты мағынаны таңдау (штаттық, қосымша істеуші) Штаттық – білім беру ұйымдарының тиісті лауазымы бойынша штаттық кестедегі қызметкерлер (маусымдық қызметкерлерді есепке алмағанда) Сыртқы қоса атқарушы - қызметкердің негізгі жұмысынан бос уақытында басқа білім беру ұйымдарында тұрақты ақы төленетін еңбек келісім-шартымен жұмыс атқару. Ішкі қоса атқарушы – аталған білім беру ұйымында қосымша жұмыс атқару. Егер негізгі және қосымша уақытында жұмысты атқару бұйрығы (келісім-шарт) бар болса, онда мұндай қызмет түрі - ішкі қоса атқару болып есептеледі.
144.	Академиялық, ғылыми дәреже	Педагогтардың жоғары білімі және жоғары білімнен кейінгі құжаттарына сәйкес дәрежесін

		<p>белгілеу (дәрежесі жоқ, магистр, ғылым кандидаты, ғылымдар докторы, PhD докторы, бағдар бойынша доктор).</p> <p>Педагогикалық қызметкерлерге жатпайтын, техникалық және басқа қызметкерлерде «дәрежесі жоқ» көрсеткішін белгілеу қажет</p>
145.	Білімі	<p>Білім туралы құжатқа сәйкес таңдау.</p> <p>Жұмыстың негізгі штаттық жүктемелілігіне сәйкес тиісті білімді таңдау.</p> <p>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистр, PhD докторы) – жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық және педагогикалық емес мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Жоғары кәсіптік – жоғары білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық емес мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Жоғары педагогикалық – жоғары білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Жоғары мектепке дейінгі – жоғары білім туралы дипломға сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білімі бар болғанда таңдау.</p> <p>Техникалық және кәсіптік - техникалық және кәсіптік білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық емес мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Техникалық және кәсіптік педагогикалық – дипломға сәйкес педагогикалық мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Техникалық және кәсіптік мектепке дейінгі – техникалық және кәсіптік білім туралы</p>

		<p>дипломға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша білім бар болғанда таңдау.</p> <p>Жалпы орта білім –жалпы орта білімді аяқтағаны туралы аттестаты бар болғанда таңдау.</p> <p>Ескерту: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің педагогикалық мамандықтарына Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуішінің сәйкес кестесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің бұйрығына сәйкес 23 мамандық («Білім беру» саласы) жатады.</p> <p>Техникалық және кәсіптік педагогикалық, орта білімнен кейінгі білімнің педагогикалық мамандықтарына ҚР техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтар жіктеуішіне Инвестициялар және даму министрлігінің бұйрығына сәйкес 11 мамандық («Білім беру» саласы) жатады.</p> <p>Ескерту: Білім туралы екі дипломы бар болғанда.</p>
146.	Білім беру белгісі	Білім туралы диплом лайықты мағынаны таңдау (<i>педагогикалық, инженерлі-педагогикалық, кітапханалық, басқалар</i>)
147.	Жалпы жұмыс өтілі	Жұмыс өтілін растайтын құжатқа сәйкес таңдау (еңбек кітапшасы) Еңбек өтілі болмаған жағдайда «0» қою қажет
148.	Педагогикалық жұмыс өтілі	Жұмыс өтілін растайтын құжатқа сәйкес таңдау (еңбек кітапшасы). Педагогикалық жұмыс өтілі болмаған жағдайда анықтамадан «жоқ» таңдау

		Педагогикалық емес персоналға «жоқ» таңдау
149.	Осы ұйымдағы жалпы жұмыс өтілі	Жұмыс өтілін растайтын құжатқа сәйкес таңдау (еңбек кітапшасы)
150.	Электронды адрес (E-mail)	Қызметкердің жеке меншік электрондық поштасы бар болған жағдайда, көрсету. Болмаған жағдайда «жоқ» толтыру
151.	Ұялы телефон (нөмірі)	Қызметкердің жеке меншік ұялы телефонның нөмерін көрсету. Болмаған жағдайда 0 санын толтыру
152.	Санаты	Растайтын құжаттарға сәйкес, анықтамадан біліктілік санатын таңдау. Педогогикалық қызметкерлерге жатпайтын, техникалық және басқа қызметкерлер «санатсыз» деп толтырылады
153.	Қосымша лауазым	Лайықты қосымша лауазымды, мөлшерлемені таңдау. Мысалы: Лауазымы – қазақ тілі пәнінің мұғалімі, мөлшерлемесі - 0,75 қосымша лауазым - кітапханашы, мөлшерлемесі - 0,5. Қосымша лауазым болмаған жағдайда анықтамадан «жоқ» таңдау
154.	Біліктілігін көтеру курсынан өтті	Соңғы 5 жылдың ішінде БК оқыту тілін және өткен орнын, сәйкес мамандықты таңдау және көрсету. Бірнеше нұсқаларды таңдау мүмкін. Болмаған жағдайда «Өткен орны», «Мамандық», «Оқыту тілі» және «Жыл» көрсеткіштерінде «жоқ» таңдау
155.	Менеджмент саласында біліктілігін көтеру мен қайта даярлаудан өтті	Курсты соңғы 5 жылдың ішінде өтсе, «иә» таңдау
156.	АКТ оқытуда қолдану	Курсты соңғы 5 жылдың ішінде

	бойынша, біліктілікті көтеруден өтті	өтсе, «иә» таңдау
157.	Қазақ тілі бойынша жеделдетілген жаттықтыратын курстарды бітірген	Курсты соңғы 5 жылдың ішінде өтсе, «иә» таңдау
158.	Қазақ тілін меңгерген	«иә» немесе «жоқ» таңдау
159.	Есептік кезеңде қазақ тіліне оқытылады	«иә» немесе «жоқ» таңдау
160.	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі	<p>IELTS немесе TOEFL сертификатымен ағылшын тілін білудің сәйкес деңгейін атап өткен жөн (сертификат 2 жылға ғана жарамды). Тілді білмеген жағдайда, «ағылшын тілін білмейді» белгілеу керек.</p> <p>IELTS немесе TOEFL сертификаты болмаған жағдайда тілді білу деңгейін болжап белгілеу керек:</p> <p><i>Beginner</i> – өзі туралы жай сөз тіркестерді және сөйлемдерді құрай алу, санай білу, адамдармен таныса алу, жай ақпаратпен алмаса алу.</p> <p><i>Elementary</i> – түсіну және күнделікті сөз тіркестері мен сөйлемдерді таныс жағдаяттарда пайдалана алу – өзі, үйі, таныстары және қызығушылықтары туралы айта алу. Баяу сөйлейтін әңгімелесушімен тілдесудің мүмкіндігі. Ашық хатты жаза алу, сауалнаманы толтыра алу, шағын әңгімені құрай алу. Бейімделген әдебиетті оқу үшін шамамен 600 сөзден тұратын лексикалық қордың болуы.</p> <p><i>Pre-Intermediate</i> – сөйлеуде қызығушылықтар, жұмыс, саяхат сияқты таныс жағдаяттарда жиі қолданылатын сөз тіркестерді (сөйлемдерді) пайдалана алу. Әлеуметтік жағдаяттарда қысқаша әңгімені үзбей сөйлесе алу. Шағын хабарламаларды және қысқаша хаттарды жаза алу, сонымен қатар оқыту фильмдерін көре алу. Бейімделген әдебиетті оқу үшін шамамен 1400 сөзден тұратын лексикалық қордың болуы.</p>

Intermediate - жұмыста, оқуда немесе бос уақытында жиі істес болатын салаларда қолданылатын ағылшын тілін жазбаша және ауызша қабылдай алу. Сөйлеу мәнері баяу және нақты болғанда радио немесе телевизиялық бағдарламаларды түсіне алу. Ағылшын тілді елге саяхат кезінде стандартты жағдаяттардан шыға алу, әйгілі тақырыптарға дайындықсыз сөйлесе алу, өткен оқиғаларды, жоспарларды сипаттай алу, өз пікірін білдіре алу. Фильм немесе кітаптың мазмұнын, өз тәжірибесін және алған әсерін сипаттай алу. Бейімделген әдебиетті оқу үшін шамамен 1800 сөзден тұратын лексикалық қордың болуы.

Upper-Intermediate - азды-көпті таныс тақырыптарда ұзақ сөйлеуді жақсы түсіну. Стандартты диалектті телевизиялық жаңалықтар және публицистикалық бағдарламаларды және фильмдердің басым бөлігін түсіну. Ағылшын тілінде сөйлейтін адаммен әр түрлі тақырыптарда жеткілікті дәрежеде ерікті әрі кенеттен сөйлесе алу, талқылауға қатыса алу. Әр түрлі оқиғаларды байланыстыра, сауатты және егжей-тегжейлі сипаттай алу, эссе немесе есеп жаза алу. Бейімделмеген және бейімделген әдебиетті оқу үшін шамамен 2300 сөзден тұратын лексикалық қордың болуы.

Advanced - ұзақ сөйлеуді немесе лекцияны, телевизиялық бағдарламаларды және фильмдерді аса қиындықсыз түсіне алу. Әр түрлі стильдегі күрделі академиялық, техникалық және көркем мәтіндерді оқып, тобықтай түйінін айқындай алу. Тілді әлеуметтік, академиялық және кәсіптік мақсаттарда сенімді араласуда және байланыстыра, сауатты және тиімді пайдалана алу. Оқырманның сәйкес стилінде сипаты әр түрлі көлемді мәтіндерді жазу дағдысының болуы. Көркем әдебиеттің түпнұсқасын оқи алу.

Proficiency – ағылшын тілін кез-

		<i>келген нысанда оңай қабылдау. Емін-еркін араласа алу және мағынасының нәзік реңкімен өз пікірін кез-келген жағдайда дәлелдей алу. Мақалалар, есептер, эссе, сәйкес стильдегі хаттарды жазу дағдыларының болуы. Көркем әдебиеттің түпнұсқасын оқи алу</i>
161.	Жұмыстан босатылу күні	Еңбек келісім-шартына, бұйрыққа, еңбек кітапшасындағы жазуына сәйкес толтыру
162.	Жұмыстан шығару туралы бұйрық номері	Еңбек келісім-шартына, бұйрыққа, еңбек кітапшасындағы жазуына сәйкес толтыру
163.	Босатылу себебі	Еңбек келісім шартының бұзылу себебінің біреуін таңдау (басқа білім беру ұйымына жұмысқа өтті, Республика шегінен тыс, Республика облысы маңынан шықты, оқу жүктемесінің жоқ болу себебі, тұрғын - үй алаңы болмағандықтан, басқа (мұғалімдік емес) жұмысқа ауысты, мүгедектік бойынша, зейнеткерлік жасқа жеткен оқуға, басқа себептер)

Қызметкер бойынша жалпы есепті Excel форматына көшіруге болады. Мектеп қызметкерлерінің жұмыс өтілін «Қимыл» атқарылымы негізінде автоматты түрде санау үшін ҰББДҚ сайтында <https://e.edu.kz/73> пайдаланушы нұсқаулығы және оқыту-техникалық құжаттарын қарау қажет.

11 Бөлім «Контингент»

Білім берумен қамтылмаған балалар конингентін толтыру қажет.

	Көрсеткіш	Түсініктеме
164.	ЖСН бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
165.	ЖСН	Туу туралы куәлік/Жеке куәлік бойынша толтыру жеке сәйкестендіру нөмірлерін толтыру (ҚР 2007 жылғы 12.01 № 223 Заңы «сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы»)
166.	Тегі	Туу туралы куәлік/Жеке куәлік бойынша толтыру
167.	Аты	
168.	Әкесінің аты	

169.	Туған күні	
170.	Жынысы	Туу туралы куәлік/Жеке куәлік бойынша толтыру
171.	Азаматтығы	Жеке куәлік бойынша анықтамадан елді таңдау
172.	Ұлты	Туу туралы куәлік/Жеке куәлік бойынша толтыру
173.	Босқын	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау. Босқын - нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам;
174.	Оралман	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
175.	Келген күні	Ағымдағы оқу жылында 20 қыркүйек күні бойынша келген оқушылардың келген күнін таңдау
176.	Келу бұйрығының нөмірі	20 қыркүйек күні бойынша келген оқушылардың бұйрығының №
177.	Келді	Келу себебін таңдау (осы ауданның (қаланың, ауылдың), осы облыстың басқа ауданының (қаланың), басқа облыстың, ТМД басқа мемлекеттерінің, ТМД елдерінен тыс, ҚР мемлекеттік емес (жеке) мектептен, Жалпы білім беру дайындықты жүзеге асыратын ҚР басқа оқу орындарына, қосымша қамту, 1 сыныпқа жаңа қабылдау, мектеп алды сыныпқа жаңа қабылдау)
178.	Мектепке дейінгі ұйымдарына барды	Лайықтыны таңдау (бармаған, 1 жыл және одан да кем, 2 жыл, 3 жыл және одан да кем)

179.	Ұзақ күн тобында оқиды	«иә» немесе «жоқ» таңдау
180.	Аталған білім беру ұйымдарындағы секциялар мен үйірмелерге қатысу	Аталған білім беру ұйымдарындағы лайықты секциялар мен үйірмелерді таңдау Спорттық секциялар (волейболдық, баскетболдық, футболдық, теннис, шаңғы тебу спорты, коньки тебу спорты, күрес (барлық түрлері), ұлттық ойындар, шахматтық-шашкалық, басқа спорттық) Үйірмелер (көркемөнерлік-эстетикалық, сәндік-қолданбалы, техникалық, экологиялық, туристік-өлкетанулық, қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, тілдік, басқа үйірмелер) Егер оқушы аталған білім беру ұйымдарындағы секциялар мен үйірмелерге қатыспаса, онда «жоқ (бармайды)» белгілеу
181.	Қосымша білім беру ұйымдарына бару	Егер оқушы басқа қосымша білім беру ұйымдарында секциялар мен үйірмелерге қатыса, «иә» таңдау. Егер оқушы секциялар мен үйірмелерге тек аталған мектепте қатысса «жоқ» таңдау
182.	Сайыстарға, конкурстарға және олимпиадаларға қатысу	Егер қатыспаса «Іс-шара» түрі динамикалық кестесінде «жоқ» таңдау. Қатысқа жағдайда динамикалық кестені толтыру қажет (іс-шара түрі, бағыт түрі, іс-шара деңгейі, мектептен тыс іс-шаралар деңгейі анықтамасы, өткізу күні, марапат)
183.	Жетім бала	«иә» немесе «жоқ» таңдау
184.	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала	«иә» немесе «жоқ» таңдау
185.	Мүгедек	«иә» немесе «жоқ» таңдау
186.	Балалардың сырқат түрлері	Бар болған жағдайда балалардың сырқат түрлерін белгілеу (ПДТ, кохлеарлық имплантардың иелері, көкжөтел

		<p>ауруының белгісі бар және басылған формасымен ауыратын, сколиозбен, нашақорлық және уытқұмарлықпен, невротикалық жағдайларымен, жеке бастың патосипаттамалық дамуымен, мінез-құлық бойынша ақаулығы бар, есалаңдықпен, ерте маскүнемдікпен, ерте бала аутизммен, шизофрения, шигеллез (бактериалық дизентериясы), вирусты гепатит, белгіленген, белгіленбеген және анық емес белгіленген қоздырушылармен тудырылған энтериттер, колиттер мен гастроэнтериттер, скарлатина, эпидемический паротит (мысқыл), шешек, асқынған тонзиллит (баспа), грипп және жоғары дем алатын жолдардың асқынған жұқпалары, пневмония, жарақаттар, уландырулар мен сыртқы себептердің әсерлерінің кейбіреу басқа салдары, басқа аурулар).</p> <p>Егер аталған сырқаттар жоқ болса, онда «жоқ» белгілеу</p>
187.	Логопедтік баратын пунктке	«иә» немесе «жоқ» таңдау
188.	Кету күні	Бұйрыққа сәйкес күнді таңдау
189.	Кету бұйрығының нөмірі	Бұйрық № көрсету
190.	Кету себебі	<p>Кету себебін таңдау (басқа күндізгі жалпы білім беру мектепке, басқа ауданның (қаланың, ауылдың), басқа облыстың, ТМД басқа мемлекеттерінің, ТМД елдерінен тыс, арнаулы мектепке, жеке мектепке, кешкі (аусымды) жалпы білім беру мектепке, колледже және/немесе басқа орта кәсіби оқу орнына, жоғары оқу орнына, арнайы оқу-тәрбиелеу мекемелерге және еңбек колонияларға, түрлі курстарға, лайықсыз тәртібі үшін шығарылды, ұзақ ауырғандықтан, қайтыс болғандықтан, жұмысқа орналасты және оқуын жалғастырмайды, жұмыс істемейді және оқымайды, білім жетілдіру курстары және жалпы дайындықты өткізбейтін КМде, жұмыста жүйелі кешіккен үшін, қарулы күштерге тартылды, үлгермеушіліктен, шығарылды, басқа себептер бойынша)</p>

Аталған бөлімшенің толық және дұрыс толтырылғанын тексеру. Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшіру үшін «Қимыл» атқарылымы негізінде автоматты түрде санау үшін [ҰББДҚ сайтында https://e.edu.kz/73](https://e.edu.kz/73) пайдаланушы нұсқаулығы және оқыту-техникалық құжаттарын қарау қажет.

12 Формат-логикалық бақылау (ФЛБ)

ФЛБ – қордың толық және дұрыс толтыруын қадағалайды. ҰББДҚ міндетті түрде толтыратын көрсеткіштер бар, оларды толтырмаған жағдайда ФЛБ шығады. ФЛБ нұсқаулығымен қатаң түрде толтыру қажет. ФЛБ қателіктерін дұрыстамаған жағдайда электронды- қолтаңба қойылмайды.

13 Электронды цифрлық қол қою (ЭЦҚ)

ЭЦҚ заңды тұлғаретінде мектеп директорының атында болуы қажет. ЭЦҚ қою ағымды әкімшілік есеп беру тапсырған болып табылады. Сондай-ақ, білім беру ұйымдарының статистикалық мәліметтерді тиісті органға тапсырғандығын көрсетеді. <https://e.edu.kz/73> сайтында ҰББДҚ оқыту-техникалық құжаттары және пайдаланушы нұсқаулығын қолдану.

14 Нормативті құжаттар

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 - III «Білім туралы» Заңы (11.07.2017 ж. өзгерістер мен толықтырылар енгізілген).
- «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 223-III Қазақстан Республикасының Заңы (2016.30.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығы
- Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы №50 Бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 726 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 қаңтарда № 14730 болып тіркелді)
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы»
- Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығы

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы № 1 Жарлығымен бекітілген